

## Полимеразды тізбекті реакция әдісімен коронавирустық инфекцияға диагностикалау нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің аумақтық департаменттері полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісімен коронавирустық инфекцияға диагностикасын жүргізу жөніндегі қызметтер нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізді.

Қазақстанда пандемия 2020 жылы басталды. Осыған байланысты, медициналық мекемелер 2020 жылдан бастап ПТР әдісімен COVID-19 зертханалық диагностикалау жүргізе бастады.

Осыған байланысты, COVID-19 ПТР диагностикалауды жүргізу жөніндегі қызметтер нарығының талданатын кезеңі болып **2020, 2021 жылдар** айқындалды.

Жүргізілген талдау шеңберінде ПТР әдісімен коронавирустық инфекцияға диагностикалау жүргізу жөніндегі қызметтер нарығында республика бойынша 2020 жылы 96 медициналық зертхана, 2021 жылы 130-дан астам медициналық зертхана қызметін жүзеге асыратыны анықталды. Яғни, 2021 жылы ПТР әдісімен COVID-19 зертханалық диагностикалау жүргізу бойынша медициналық зертханалар 35%-ға артқаны байқалады.

Бірқатар нарық субъектілері Қазақстан Республикасының бірнеше өңірлерінде қызмет көрсетеді.

Мысалы, «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК, «Мырза-хан» ЖШС, «Олимп «КДЗ» ЖШС, «Инвиво» ЖШС республика бойынша қызмет көрсетеді.

Бұл өңірлерде медициналық зертханалардың жаңа филиалдарының ашылуымен, сондай-ақ нарықта жаңа ойыншылардың пайда болуымен байланысты.

Талдау ПТР әдісімен коронавирустық инфекцияға диагностикалау жүргізу жөніндегі қызметтер нарығы 2020 жылы Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау облыстарының шекараларында **нарықтың жоғары шоғырлануымен**, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Түркістан облыстары және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының шекараларында **нарықтың орташа шоғырлануымен** сипатталатынын көрсетті.

Бұл нарық 2021 жылы Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан облыстарының шекараларында **жоғары шоғырланған нарыққа**, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Павлодар, Маңғыстау, Түркістан облыстары және Шымкент қаласының шекараларында **орташа шоғырланған нарыққа**, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында **төмен шоғырланған нарыққа** жатады.

2020 жылы негізгі нарықтық үлесті республика бойынша филиалдары бар 3 компания – «Олимп «КДЗ» ЖШС, «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК және «Invivo» ЖШС иеленді. Ал 2021 жылы «Олимп» КДЗ» ЖШС және «Invivo» ЖШС иеленді.

Талдау жүргізу барысында Агенттіктің аумақтық департаменттері ПТР әдісімен коронавирустық инфекцияға диагностикалау жүргізу жөніндегі қызметтер нарығындағы баға жағдайын зерделеді.

ПТР арқылы Covid-19 зертханалық диагностикалаудың баға серпіні 2020-2021 жылдар аралығында төмендеді.

Covid-19 ПТР-тестілеу енгізілгеннен бастап нарыққа негізгі қатысушылар бағаларының өзгеруін талдау мынаны көрсетті:

- «Ұлттық сараптама орталығы» РМК бағасының 2020 жылғы сәуір-қазан аралығында 11 500 теңге мөлшерінде тұрақты болды, 2020 жылғы қарашада 9 000 теңге деңгейіне дейін төмендеді;

- «Олимп «КДЗ» ЖШС жоғары бастапқы бағасы кейіннен 2020 жылғы мамырда 19 220-дан 15 400 теңгеге дейін және қазанда 12320 теңгеге дейін төмендеді, сондай-ақ 2020 жылғы қарашадан бастап 9000 теңгеге дейін төмендеді;

- «Invivo» ЖШС бағасының 2020 жылғы шілдеде 15 500 теңгеден 18 500 теңгеге дейін көтерілді, содан кейін қазанда 15 000 теңгеге дейін төмендеді, 2020 жылғы қарашада 9 000 теңге деңгейіне дейін төмендеді.

*Анықтама: Агенттік 2020 жылғы қазанда ҚР Президентінің 2020 жылғы 7 қазандағы бағалардың барабарлығына талдау жүргізу және зертханалық қызметтер мен жеке қорғану құралдарының баға саясатына мониторингі қамтамасыз ету туралы хаттамалық тапсырмасын орындау шеңберінде Covid-19 ПТР-тестілеу нарығына мониторинг жүргізді және нарықта ПТР-тестілеу ақылы қызметтерін ұсынатын 36 субъектінің бар екенін анықтады.*

*Баға мониторингі және салыстырмалы талдау жүргізу нәтижелері бойынша Агенттік нарыққа жеке және мемлекеттік қатысушыларға Covid-19 ПТР-тестілеудің құнын 9 000 теңгеге дейін қайта қарауды ұсынды және ашық сауда-өткізу саясатын көздейтін монополияға қарсы компаенс жасауды ұсынды.*

*Айталық, Кодекстің 195-бабын басшылыққа ала отырып, Агенттік 36 нарық субъектісімен, оның ішінде «Олимп «КДЗ» ЖШС және «Инвиво» ЖШС-мен 9 000 теңгеден аспайтын босату бағасын белгілей отырып, монополияға қарсы компаенс жасасты.*

*Сонымен қатар, «Сұңқар» ЖШС және «Әйгерім» ЖШС-ның жекелеген зертханалары бағаны тиісінше 6 000 және 7 000 теңгеге дейін төмендетті.*

2021 жылғы 28 сәуірден бастап «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК-нің барлық филиалдарында Covid-19 ПТР тестілеу бағасы 6350 теңгеге дейін, «Олимп» КДЗ және «Инвиво» ЖШС-да 2021 жылы мамыр айынан бастап Covid-19 ПТР тестілеу бағасы 9 000 теңгеден 6500 теңгеге дейін төмендетілді.

Сонымен қатар, Агенттік осы талдауды жүргізу шеңберінде жалпыға қолжетімді ақпарат көздері негізінде Covid-19 ПТР-тестілеу бағаларына мониторинг жүргізе отырып, ағымдағы жылғы 15 шілдедегі жағдай бойынша Covid-19 ПТР диагностикалау бағасы «Олимп» КДЗ-да 3260 теңгеге дейін, «Инвиво» ЖШС-да 2900 теңгеге дейін және «Ұлттық сараптама орталығы» РМК-де 4000 теңгеге дейін төмендегенін анықтады.

Осы талдауды жүргізу барысында мынадай әкімшілік кедергі анықталды.

Санитарлық ережелерге (ДСМ-нің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 684 бұйрығы) сәйкес құрамында эрозияға қарсы патогендері бар материалдар

(SARS-CoV-2 қоса алғанда) патогендігі II топтағы микроорганизмдермен жұмыс істеуге жағдайлары бар зертханаларда (мемлекеттік медициналық зертханаларда) өңделуі тиіс.

Сонымен қатар, жеке медициналық зертханалардің патогендігі III-IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс істеуге рұқсаты бар.

Қазіргі кезде жеке медициналық зертханаларда Covid-19 диагностикалау жүргізуге уақытша қол жетімділік бар.

Осыған орай, жеке медициналық зертханаларға Covid-19 диагностикалау жүргізуге тұрақты рұқсат беру мақсатында патогендігі III-IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс істеу жағдайлары бар зертханаларда SARS-CoV-2 (COVID-19) қоздырғыштарының клиникалық материалында детекция бойынша жүргізілетін, адамдардың қанында антигендерді (қоздырғыштың жинақталуынсыз), оларға антиденелерді анықтау бойынша зерттеу жүргізуге рұқсат беру және молекулярлық-генетикалық әдістермен диагностикалау бөлігінде ДСМ-нің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 684 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне осы кедергіні жою бойынша ұсыныстар жіберу ұсынылады.

Бұдан басқа, талдау нәтижелері бойынша Агенттіктің Маңғыстау облысы бойынша департаментінен басқа Агенттіктің аумақтық департаменттері бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзушылық белгілерін анықтаған жоқ.

Агенттіктің Маңғыстау облысы бойынша департаменті заңды тұлғалармен жасалған медициналық зертханалардың шарттарына талдау жүргізді, «Фирма «Ча-Кур» ЖШС тарапынан монополияға қарсы заңнаманы бұзушылық анықталды.

Осылайша, «Фирма «Ча-Кур» ЖШС-ның әрекеттерінде Кодекстің 174-бабының 2) тармақшасында көзделген нарық субъектілерімен немесе тұтынушылармен жасалған мәні бірдей келісімдерге объективті түрде ақталмайтын себептермен әртүрлі бағаларды не әртүрлі шарттарды қолдану түрінде үстем немесе монополиялық жағдайды теріс пайдалану бөлігінде бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу белгілері анықталды.

Осыған байланысты, Агенттіктің Маңғыстау облысы бойынша департаменті «Фирма «Ча-Кур» ЖШС-ға әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарлама шығарды, ол орындалды.